

*Фразеологизмы, паремии и афоризмы делают нашу речь более выразительной. Поэтому они очень широко используются в национальном языке. Данное исследование раскрывает гендерный аспект фразеологических единиц трех неродственных языков: английского, казахского и русского. В статье авторы пытаются определить лингвокультурные особенности использования фразеологизмов как самых выразительных и ценных языковых единиц. Они создаются и предлагаются на языке при описании национального характера, традиций и индивидуальных характеристик разных языков. Лучший способ улучшить понимание мировой культуры, людей и историю – это изучение выразительных средств на основе компаративного анализа. Основная цель этой статьи состоит в том, чтобы дать представление о преимуществах в тематических группах сопоставляемых языков в гендерном аспекте. Мы пытаемся определить лингвокультурные сходства и различия в сопоставляемых языках как лингвистические явления в разных культурах. В данной статье также рассматриваются интеллектуальные образы женщины и мужчины в английском, русском и казахском фразеологическом дискурсе. Проводится функционально-семантический анализ тематических семантических групп пословиц и поговорок в гендерном аспекте с применением формально-структурного и семантического анализа.*

Материал поступил в редакцию журнала 25.10.2021

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИКА

### ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

МҒТАР 17.71.01

**Ж.Р. Есенқараева<sup>1</sup>, Г.С. Бөкен<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

#### «ЖҮРЕКТИҢ АҚЫЛ СУАТЫ...»

*Абай мұралары ғасыр өтсе де өз құндылығын жоғалтпасы анық. Адам мен заманның мың құбылған тұсында, Абайдың өзіндік көзқарасы мен сыни пікірі заман сахнасынан шеттелген емес. Абай шығармаларының негізгі өзегі – Алланың ақ жолы, ақиқат ғұмыр, адамдық. Абай сусындаған шығыс философтарының алар орны ерек. Сондықтан мақалада шығыс ғұламалары Әл-Фараби, Физули, Шамси еңбектеріндегі адам болмысы, ақыл хақындағы тұжырымдар, Абайдың пәлсапалық толғамдарымен салыстырмалы түрде талданады. Әрі ілгері заманның әйгілі ғұламалары Аристотель, Платон, Плотиннің адам болмысы жайындағы зерттеулері Абайдың жаңашыл сыни көзқарасы негізінде көрініс табуы зерделенеді. Абай танымындағы ақиқат ілімді тану – негізгі мақсат ретінде алынады.*

*Кілт сөздер: Абайдың қара сөздері, ақыл, жүрек культі, суфизм, шығыс философиясы.*

#### КІРІСПЕ

Абайдың сыншыл пәлсапасы мен ұғымы үш бұлақтан нәр алғандығы белгілі. Бұл тұста Абай мектеп пен медреселерде үстем болған Қожа Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Алаяр тәрізді суфизм сарынындағы ірі ақындармен қатар шығыс поэзиясының ұлы классиктері Низами, Науаи, Фзули, Сағди, Хафиз, Фирдауси, Шамсилерді, шығыс қиссадастандары мен ғұлама ғалымдарды көзінің майын тауыса оқып, іштей түлеп, толысып келе жатқан ойшыл ақын тұлғасын көреміз. Абай сондықтан да көз жеткен жердің бәріне де өз ойына, ақыл таразысына салып саралап отырған әрі Абай өзінен бұрынғы ғұламалардың адами болмысын да зерделеген. Жан тұрғысында көптеген зерттеулер жүргізіп, өз пайымдарымен, ғылымның бір көзін ашқан. Ақын шығармашылығында жүректің орны айрықша екені белгілі.

Шығыс поэзиясында жүрек культі мен ақыл сыны айрықша аталып өткен тақырып. Сондықтан да Абай бастау алған бұлақтар – Әл-Фараби, Физули, Шамси, Дауани және де одан ілгері ғұмыр кешкен Платонның шәкірті Плотин, Аристотельдің еңбектеріндегі Адам болмысы жайындағы толғамдарының Абай танымымен ұштасуына ерекше назар аударылды. Мақалаға негізінен Абайтану саласындағы зерттеулер мен елеулі еңбектері мен адам болмысы жайындағы ілгері ғалымдардың негізгі көзқарастары және Абайдың хақиқат ілімі жайында монографиялар негізге алынды.

#### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Абай өзінен бұрынғы Платон, оның шәкірті Плотин және осы жан әлемі тұрғысынан өзінің зерделі ойымен Аристотельді де зерттеп, өз тұжырымын ғылым көзіне айналдырған. Осы тұста Абай сусындаған бұлақтардың негізгі көзіне тоқтала кетсек. Әуелде Плотин өзінің зерттеулерінде жаратылыс, адам болмысы – ақыл, жан, тән деп аталатын үш бірліктен тұратынын айтқан әрі ақыл – Жоғарғы Иеге тән, алайда адам баласы жанын соған құштар ету арқылы ғана кемелденетінін жазған. Яғни адам баласы үшін ең әуелі адамдық болмыстың

негізі – ақыл деп тұжырым түйген. Ол кезеңдегі ғұламалар адамның адамдығының қас жауы тән қалаулары деген түйінге келген, яғни «Адамның кемелденуі жайында ұлы философтар да, ақындар мен тақуа сопылар да, тіпті ресми дін өкілдері де бір ауыздан айтатын шындығы бар, ол – адамның өз кемелденуі жолында материясын, яғни тәнін қажет етпейтін күйге жетуі» [1, 176], – деп тұжырым жасаған. Тіпті «Ертедегі грек философтары мен орта ғасыр аралығында өмір сүрген Плотин замандасы Порфирийдің жазуынша, өз тәнінен жиреніп өтіпті» [2, 75], – делінеді.

Ақылдың күші шексіз, оған адам баласы өз тән қалауларынан алыс болғанда ғана, кемелділікке жетеді деген. Яғни, «Тән өзі сезінген рахат күйге бауыр басып, сол мазалы, жайлы жағдайды аңсап құмарта береді» [2, 75], – дейді. Кемел адамның қалыптасу баспалдағының төменгі шегі де осы тәннің қалауы, құмарлығы деп ұғындырады. Ақыл жайлы алғашқы пайымдар, жан мен тән адам болмысындағы ақылменен жаралып, ақылменен кемелділік табатынын айтқан болатын. Ал адам болмысының формасы – жаны, осы жанының ақылды бөлігі мен ақылы. Ай астындағы әлемде өмір сүретін адам үшін форма ретінде ақыл қаншалық құнды болса, жалпы материялар үшін атақты төрт элементтің мәні соншалық зор. Себебі өзге барлық материя осы төрт элементтің әртүрлі қосылысынан құралады. «Ай астындағы әлемде болмыстар мынадай ретпен: элементтер, минералдар, өсімдіктер, парасатсыз және «ешкім де асып түсе алмайтын парасатты жануарлар болса, ал бұлардың ішіндегі ең озығы да, ең кемелдісі де – Бірінші Тұлға» [3, 257]. Елеулі еңбектерімен тарихқа тағлым болған ғұламалардың осындай тұжырымдарымен Әл-Фарабидің өзінің еңбектерінде шыңдала түседі. «Өзіне дейінгі Аристотель сияқты Әл-Фараби де қайырымдылықты – интеллектуальдық (дианозтикалық) және этикалық пен екіге бөледі. Бұл дегеніміз – «Интеллектуальдық – жанның ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық, мәселен, даналық, парасат, ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. Ал этикалық қайырымдылық – жанның ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік» [4, 195-196], – деп бағамдаған.

Аристотель өзінің еңбегінде ақылды адам – қайырымды деп бағалаған. Яғни ақылдың кемеліне жеткен адам жан кез-келген ізгі істе орта шеңді ұстай алған адам деп бағалаған. Яғни ысырапшылдық пер сараңдықтың орта шеңі – жомарттықты ұстап қалу, солай адам өз болмысын қалыпты орында, ақыл иесіне тән қалыпта ұстай алады деп келтірген. Ақыл жайын зеріттеп-зерделеген ғалымдардың бәрі де – Ұлы Бірлікке тән екенін нақты негіздеп келтірген. «Ал, ең жетілген форманың ең жоғарғы шыңы – ақыл. Әрине ақыл өз кезегінде Сократ, Платон, Плотиндер айтатыны – Бірлік. Бірінші себеп, Әл-Фараби қолданысындағы *Бірінші Тұлғаға* қарап қуат алады. Яғни әлемдегі бәрінің басы, бастауы- Жаратушы екенін бұрынғы философ данышпандар бір ауыздан мойындаған». Немесе, «Плотиннің *Единоє, Благосы* ұғымы Әл-Фарабиде – *Бірінші Тұлға, Бақыт* ұғымдарымен сәйкес келеді. Адам болудың, яғни жалған емес, шын адам болудың сыры – *Бірінші Тұлғаны* тануда» [2, 75], – деген тұжырым келтіріледі.

Шексіз Ақыл Иесі адам баласын, ойлау күші арқылы артықша етіп жаратқанын негізге ала отырып, жаратылыстың ақыл күшін мейілінше меңгеруге лайық – адам баласы деп келтірген. «Ал адамның жануардан ажырайтын жері – жан деңгейіндегі ойлау күші екен. Бұл ақиқатты ұлттық мақтанышымыз Абай да айтқан. Ал «Әл-Фараби былай жазады: «Адамның бойында бірінші пайымдалғыш объектілердің пайда болуы – оның алғашқы Әл-Фараби өзіне дейінгі Сократ, Платон, Аристотель, Плотиндермен салыстырғанда, адам болмысындағы ақыл көзі мидан гөрі жан мекені жүректі үстем етумен ерекшеленеді» [3, 256]. Ғұламалар ақыл адам болмысында өз ізгі қалпын сақтау үшін, әр қасиеттің орта шеңінде тұрақтау керектігін негіз еткен. Ол адам баласын ізгі қалыптан көңілі еш айнымай, бойы суымас үшін ең негізгі талап деп ұқтырады. Ендігі бұл Абайда – қайрат, ақыл, жүрек деген ұғымда танылған. Абай да өз ақыл сынымен қайратты асау, ақылдың да суық қалпын меңзеген еді, мұны ізгі адамға тән қалыпта ұстап тұру үшін, жүрек керек деген болатын.

Әл-Фарабидің еңбегінде жүрек адам баласының ең басты қайырым мекені екені мәлім. Яғни, өзінен бұрынғы ғұламалар айтып өткеніндей, адам баласының қайырым қалпын сақтап тұрушы, орта шең Әл-Фарабиде – жүрек. Ғұламаның тұжырымдауынша, «Мүшелердің ішінде тұңғыш рет жүрек пайда болады, бұдан кейін ми, одан соң бауыр» [3, 257]. Әл-Фарабидегі адам адамгершілік қалып пен адам бойындағы ізгі қасиеттердің ошағы, адамның көңіл сәулеленіп, рахым мекен ететін жері де – жүрек. Басты орынға жүректі, одан кейін ғана миды қоюы, жүректің ақыл суаты екенін айқын аңғартып тұрғандай. Ал Ақылдың өзі Жаратушыдан қуат алып өзін-өзі таниды. Бұл орайда, профессор М.Мырзахметов: «Әл-Фарабидің айтуынша, адам өмірі үш түрлі жағдайдың жиынтығынан құралады; дене әрекеттері, жан аффектілері және ақыл- парасат» [5, 79], – дей келіп, Абайдың да өзінің қара сөзінде жан мен тәнді нұрлы ақылмен басқармаса, ол ізгілік, қайырым атаулыдан аулақ болатынын келтіргенін тілге тиек етеді.

Жүректі әуелгі орынға қойып мадақтаған: **Әл-Фараби, Руми, Науаи**. Ал, ақыл сынына сүйенген ғұламалар: **Рудаки, Фирдауси, Ибн Сина**. Осы тұста Абай өз пәлсапасы тұрғысынан ақыл мен қайратты жүрекке билетіп, жүрекке шешуші рөл берген. Ибн Синаның «Имани ақыл» пәлсапасы Абай шығармашылығында «Имани гүл» деп аталуында да терең мән бар. Абай жүректегі махаббат әуелі Аллаға тән, одан кейін Алла махаббатпен жаратқан адам баласына тән, одан кейін хақтың жолы әділетке тән деп таниды.

Осы үш сүю болады Иман гүл  
Иманың осы үш деп тақиқ біл  
Ойлан дағы үшеуін таратып бақ

Басты байла жолына малың түгіл –деп, иманның толық болмысын танытып, «ойлан-дағы, үшеуін таратып бақ» – деп, ақыл сынын меңзеп отыр. Яғни жаратылғанның Жаратушыны тануында да ақылға жүгінері хақ. Осы ойды мына өлең жолдарынан айқынырақ тануға болады:

Жүректің ақыл суаты,

Махаббат қылса тәңірі үшін. Абай Тәңірі үшін махаббат қыл, сонда ақыл жүректің суаты болмақ деп ой қорытады. «Суат» – нәр, азық алатын бастау. «Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі» – деген өлең жолдарынан, адам болмысы осы үш-ақ нәрседен құралатынын айқын көреміз. Оның ішінде ақыл – адамзаттың өмірлік қаруы. Құранда: «Мені таныған ақылменен таныр» – деген аяттың мәнісін айқын аңғартып тұрғандай. Ғаламның жұмбақ сырына үңіліп, ғажайыптар жарататында – ақыл.

Ақынның 27-қара сөзіндегі Сократ пен Аристотель мысалынан жаратушыны ақылмен тану керектігін, ақылсыз әр іс шолақ екенін байқаймыз. Бүкіл ғарыш Иесін танымаққа ақыл сәулесі керек. Ендеше, ақылға аян болмаған дүние, көңілде тұрақталып, жүректі ізгілікке бұйыра алар ма?! 38-қара сөзінде тіршілікті ақылмен тану хақында: «Ғақыл көзімен қара: күн қыздырып теңізден бұл шығарады екен; ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі набәттарды өстірі, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып, дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен» [6,106], – делінсе, кейін «Адам үшін ең жоғары кемелділік – өз болмысындағы Жаратушыдан қуат алып өзін-өзі таныған Ақыл» [7, 310], – деген сарабал ой айтылады.

Абайша, «Дүниенің қызығы – дүние сырын танымақта һәм ғылым іздемекте. Жүрек – кеуденің патшасы. Алайда, ақыл таныған тіршілік қана жүрекке дақ түсірмейді. Ізгілік дәні тек ақыл сәулесімен ғана жүрекке тамыр жаяды. Ізгілік атаулы болмысқа қызмет ету үшін жүректі мекен етеді. Жүректің көзі ашылғанда хақтықтың, яғни шыншылдықтың, ақиқаттың сәулесі түседі, яғни адам имандылыққа, ізгілікке, жақсылыққа бет бұрады. Жүректің көзін ашу үшін не істеу керек? Әлбетте сауаттанып, оқып, білім алып, оны санаға тоқып, адамзаттық ізгі ілімдермен сусындау жөн [8, 77].

Абай ғылымның жолына шамшырақ жағушыларды діні, салты, ұлты деп бөліп-жарып қарамаған. Ғылымның құдіретін, ұлылығын осылайша ұлықтайды. Өзі үлгі тұтқан

ғұламалардың әрбір тұжырымын өзінің сыни пәлсапасына сүйене отырып, өзі өмір сүрген қоғамның жәй-күйіне лайықтай отырып насихаттаған. Абайды тану – адамның өзін өзі тануы. Адамның өзін-өзін тануы және үнемі танып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелділіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет [9, 4]. «Алланы таныған тек ақылмен таныр» – деген жолдарынан дінге көзсіз, ойсыз инанбақ ақылға теріс екенін аңғарамыз. Жаратушы мен жаратылғанның сырын тану – адамды ғылымға сүйсіндіреді. Ғылым өзі де Алланың бір сипаты демек. Ендеше, Құдайдың жаратқан шексіз нығметі мен ғибратына әсте ой көзбен қарамау – әділетсіздік. Абай өзінің 38-қара сөзінде келтіргендей: «Пенделіктің кәмәлаты әулилік бірлән болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып һу деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді?» [6, 112], – дейді. Яғни әрбір іске ақылдың көзімен қарамаса, жалған ғұмырдың мәні де қалмас, адам әрбір істің соңын барламас, таусыншақ күнін ойламай, дүниені ішіп-жеп тауыспаққа құмартар немесе жаратылыстың сырына үңілмей, тірі жан мен тіршілікке пайда келтірмей, соңғы демін ғана күтумен ғұмырын тәрк етер.

Абай өзінен бұрынғы өткен ғұламалардың ақиқат хақындағы пәлсапасынан да хабардар болған. Абайдың бала кезінде Семейде оқыған Ахмет Риза медресесінде сопылық сарында дәрістер болғаны мәлім. Орта Азия, Еділ бойы, Кавказ, Қазақстан жеріндегі медреселерде ислам дінінің негізінде басым оқытылғанымен ол оқу орындарында сопылық поэзияның классиктері де молынан оқытылатын. Қожа Ахмет Ясауи, Сопы Аллаяр, Сүлеймен Бақырғани басқа да сопылық сарындағы шығармалар түркі тілінде басымырақ оқытылатын. Семейдегі Ахмет Риза медресесі де осы кітаптарды сақтаған. Ғалым М.Мырзахметов бұл орайда, «Абай өз халқының мәдени мұрасын меңгеру жолында шығыс классиктері мен суфизм поэзиясындағы ірі ақындарды оқығанда да сын көзімен екшей қарап, шығармашылық тұрғыдан талдай білген» [5, 23], – деген пікір білдіреді.

Абай ұғымындағы дүниені тәрк еткендер жайлы «дүниені, дүниеге тиерлік пайдасын ұмытты», – деген пікір де, Ясауи хикметтері де былайша көрініс тапқан:

Хаққа ғашық болған құлдар көзіне ілмес,  
Максұтына жетпесе риза емес, – (3107-3108 жол)

Немесе:

Шын ғашық дүние азабын мойнына алмас, (3253 жол)

Менің де бұл дүниеден безгім келер, – (3254 жол). Бұл іспеттес пікір қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Шәді ақынның «Орақа-Күлше» дастанында да кездеседі:

Дүниеде адамдар көп бұрын өткен,  
Бағзысы дәурен сүріп шадлығы кеткен.  
Бағзысы хақ нұрына ғашық болып,  
Көзіне бұл дүниені ілмей кеткен, – деп адамзаттың әркез екі

түрлі таным жолын ұстанғанын көрсетеді. Сонымен қатар бенделіктің кәмәлаттығы мен камили инсан ұғымын ұштастыру ХІ ғасырдың туындысы Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанында кең тұрғыдан баяндалады:

Жалғанда жан сүйсінер іс баршылық:  
Байлық бар, әсем нәрсе, әдет-қылық...  
Рахат, ырыс қуып зар қаққасын,  
Дүние жапты маған бар қақпасын.  
Дүние Алла ісінен жырақтатар,  
Ол тияр – жақсылық іс жырақ жатар.  
Даналар қорқады ғой соны сезіп,

Тәрк етіп дүниені, кетер безіп [2, 110]. Абай осы тұжырымды өзінің сыни көзқарасына сүйене отырып, хақ нұрына ғашық болып, бұл дүниені тәрк еткендерді **бенделіктің кәмәләттығы** жолымен кетушілер» деп тұжырымдайды. Жалпы

Абай пәлсапасындағы адам байланысы: **Пенде, адам, жарым адам, толық адам болып бөлінеді.**

Алдыменен **пенде** – Жаратушы бойына жан дарытқаннан кейін, жақсы менен жаманның жігін айырса да, бойын соған ептемеген жан. Ал, адам қашан ғылым-білімге, оны танып білуге махаббаты оянып, жан құмарына бой ұрғанда, сонда ғана оның аты **адам десе болады** деп қарайды. Ал, **жарым адам** – суық ақылды жанына серік етіп, жиған-тергенін осы дүниенің рахаты үшін ғана пайда еткен, ыстық қайратын суық ақылға алдырған жан. Ал, **толық адам** – ыстық қайрат пен нұрлы ақылды жүрекке билеткен, бұл дүниедегі амалдарын ақіретке азық еткен жанды айтамыз. Толық адамның пайдалы азығы (шын сенім, жомарттық, ғылым, түсінік) деп танысақ керек. Бұған қисынды дәлел қара сөзі болмақ. Ғылымсыз оқыған намаз, қылған қажы, тұтылған ораза ешбір ғибадат орнына бармайды. Ғылымды сүю – Алланы сүюдің алғашқы баспалдағы. Ал, зиянды азығына келер болсақ, (күншілдік пен жалған сенім) толағай теңіз адам жанына осы зиянды азықтың бір тамшысы тамар болса, ол адам асыл қасиеттерінен айырылады. Яғни **«кәмили инсан»** толық адам болудың шарты ретінде:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста

Сонда толық боласың елден бөлек, – деп келтірсе, осы ұғыммен сарындас Ибн Сина өзінің жан сырында:

Адам ақыл үйренбейді – қолы қысқа,

Ием оны жаратты болмыста, – деп, адам баласы үшін ақыл-жаратушы тарапынан ие болатын үлкен нығмет екенінбаяндайды. Адам өздігінен ақыл таппаққа қолы қысқа, яғни шарасыз демек.

Абай осы туғаннан пайда болатын ақылды – материалды ақыл деп танып, оны әрекетшіл ақылға (приобретенный разум) жету жолын көрсетеді. Ақын7-қара сөзінде келтіргендей, жас бала анадан туғанында «ол немене?», «бұл немене?», «ол неге үйтеді?» , «бұл неге бүйтеді?» – деп, әр нәрсенің сырына құмартпағы бұл – жанның құмары. Адамның жаны, болмысы әуелде әрекетшіл, әрбір заттың сырын тануға құмар келетінін көрсетеді. Ақыл негізінен осы жан құмарын қанағаттандырмақтан нұрланады. Барша ізгілік, мәрхамат, рахым жүректен шығады. Ал жүрекке ізгілік жолын салушы – нұрлы ақыл.

Әл-Фараби ойы өзінен кейінгі Абай пікіріне негіз болғанға ұқсайды. Әл-Фарабидің: «Егер ол жаман ақыл-парасат көрсетсе, онда жазғырылуға лайық, ал жақсы парасат көрсетсе, онда мақталуға лайық» [4, 6]. Абай адам баласы жаратылғанда тән мен жан қалауының біріне бас ұрмағы өз еркінде екенін, өз қайратына жүгініп қана ізгілік жолына бастау ала алмақ. Яғни адам баласы Жаратушы тарапынан жан менен тәнге ие болады, оның нұрлы ақыл немесе суық ақылды серік етуі өз таңдауында екен. Адам баласы ес білместен бұрын тәнінің қалауын қанағаттандырып үйреткесін, жан қалауына бойлауы қиынға түседі. Сондықтан да адам баласы теріс мінездерге жаны жақын келетіндігі, тән қалауын қанағаттандыруды артық көрген жан, сол сәтте алатын рақатын ғана ойлап, келер шақты кең ойлауға талпынбайды, уақытша өзіне жағымды келген дүниеден рақат алумен ғана шектеледі, себебі жан қалауының рақатына бойлап көрмеген жандар, қайырымдылық, рахым атаулы ізгі қасиеттердің рақатына бойлап көрмеген жандар. Абай жан мен тәнді бір-бірімен табиғи байланыста, бірлікте өмір сүретін біртұтас құбылыс ретінде таниды. Яғни адам баласының жаратылымы Құдайдан деп ұғып, амалдарының негізгі себебі өзі екендігін мойындағаны жөн. Жақсы мінез иелерінің мақтауға, теріс мінездерді өзіне серік етіп жүргендер жазалануға лайықты деп тағайындауы да осыдан. Абай өзінің жиырма сегізінші қарасөзінде жақсылық, жамандықты жаратқан – Құдай, ләкин қылдырған Құдай емес деп келтіргеніне ақыл көзімен қарасақ жарар.

Бұл пәлсапа мына бір өлең жолдарында терең танылады:

Аспаса ақыл қайраттан,  
Тереңге бармас үстірттер.  
Қартыңның ойы шар тартқан  
Әдеті жеңіп күңгірттер.

**Малда да бар жан мен тән,  
Ақыл, сезім болмаса.  
Тіршіліктің несі сән,  
Тереңге бет қоймаса?** [10, 139].

Өзінді тану – өз бойындағы өзіндік ғылымды дамыта отырып белгілі болады. Өзіндік зейін, ынтықтық, ізденіс барысында адам өз қалауын аңғарады. Өзін тану үшін де, өзіндік ғылым керек. Ал дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгел танып, біле алатын ғылымды Ладуни ғылым [1, 65], – деп атайды. Дүниенің сырын тануға ұмтылған әрекетшіл ақыл – жүректің суаты.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Сан ғасырды тоғыстырып келе жатқан ортақ тақырып адам танымы, адам болмысы. Бағзыдан зерттеуші ғұлама ғалымдар мен философтар сөзсіз ғылым-білімнің, үйренбектің адам жаратылысының даму заңдылығы екенін, адам болмысы өмірге игілік үшін қызмет жасайтынын айқын танытқан. Біздің заманымыздан ілгеріде Аристотель, Платон, Плотин зерттеулері мен ой-толғамдары адам болмысының жаралу мақсатына бағытталған болатын. Алайда, біз адам болмысы хақында зерттеліп бітті деп айта алмаймыз, себебі, әр заман тұсында, қоғамда орын алып отырған жағдаяттар тікелей сол заманның тұлғасы мен қоғам мүшелеріне байланысты.

Абай атамыз айтпақшы, «Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват» [3,95]. Адамның рухы неғұрлым қайратты, мықты болса, ол сол заман тұсында орнаған қоғам дертіне ем болмақ. Бүгінде Плотин, Аристотель, Әл-Фарабиден бастау алған адам жаратылысы, дүниетанымы жайлы ғылымдардың жалғасы болған, Абай танымы тарих таңбасына айналды. Адамзат үшін сарқылмас адамгершілік, ақыл ілімінің көзін ашқан Абай еңбектері абсолюттік мораль теориясы болып табылады. Пайғамбарымыз: «Әр ғасырда анық пен танықты ажыратып отыратын Мұждаһид ғалымдар келіп отырады», – дейді. Олар құдіреттің қуатымен адамзаттың бағы үшін дүниеге келеді. Ал біз өз түсінігімізде ондай Мұждаһид ғалымдар не батыстан, не араб пен парсыдан шығу керек. Біз оларды үнемі басқа жұрттан іздеуге дағдыланғанбыз. Ондай ғасыр аттап туатын ғұламалар әр топырақта түлейді. Абай хакім міне осындай тұлға. Әлихан Бөкейханның «Өмірдің алағай-бұлағай шағында, тағдыр тудырған сом алтын», – деп дөп басып айтатыны бар. Менің түсінігімде де Абай белгілі бір миссиямен өмірге келді. Сол миссияны өзі де терең сезінді. Абайдың тұтас мұрасы адамды жасампаздыққа шақырады [11, 33].

Абай ақыл, сана, психика заңдылығын терең түсінген. Бұл жолдардан тек ақылдың ғана құндылығы ғана емес, егер адам жүрегінде мейірімділік, ізгілік болмаса, таза интеллектің пайдасы жоқтығын көруге болады. *Abay as a poet-thinker, the reporter believes that Abay was a great personality because he raised issues and problems in the life of Kazakh people that were close and understandable to the readers of other nationalities* [12]. Адамның өз ақылын дамытуда, ізгі және мейірімді болуы үшін өзін тәрбиелеуді орасан жігерді, қайратты талап етеді. Абай адам тұлғасын қалыптастыратын осы қасиеттерді өзара байланыста қарастырған.

Ойшыл имандылық және адамгершілік философиясын дамытты. Тұлғаның айрықша бір белгісі – оның адамгершілігі екендігін айтады [13, 549]. Әрбір қазақпен, әрбір қазақтың жүрегінде мәңгі жасап келе жатқан Абай өзінің өлеңдерімен, терең пәлсапаға толы қара сөздерімен және нақыл сөздерімен, енді қыл аяғы аудармаларымен қазақты ойландырады, абай болуға үндейді. «Қара сөздерімен» тәрбиелейді [14, 2]. Әр заман салты өзгерсе де, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған толық адам аты өз биігінде қалуға тиіс.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Мырзахметұлы М. Абай лұғаты. – Алматы, 2016. – 104 б.

2 Әліпхан М. Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі. – Алматы, 2013. – 423 б.

- 3 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. – 489 б.
- 4 Әл-Фараби. Әлеуметтік – эстетикалық трактаттар – Алматы, 1975.-455 б.
- 2 Мырзахметұлы М. Абай және шығыс. – Алматы, 2011. – 211 б.
- 6 Абай. Қара сөз. – Алматы, 2019. –148 б.
- 7 Плотин. Эннеады К; «Уцими-прец» 1995-1996, К; PSYLIB, 2003. – С.310.
- 8 Тарақов Ә.С.. Ғаламның жыр данасы [Қазақтың ұлы классигі Абай Құнанбаевтың поэзиясын талдап, жаңаша бағалау]. –Алматы: Сардар, 2020. – 270 б.
- 9 Абай философиясы-жаңашылдық жаршысы: Абай-175 /Слесарь М.// Егемен Қазақстан. – 2020. – 29 қаңтар (№19). – 7-4 б.
- 10 Абай Құнанбаев. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қарасөздер. – Павлодар, 2017. – 244 б.
- 11 Олжайұлы Ы. Абай ұлтты үлкен өркениеттік белеске шығарғысы келді/ /Аңыз адам. – 2018.- №11. – 33-35 б.
- 12 Mashakova A., Khabutdinova M. The creative writings of Abay Kunanbaev in the tatar literary reception // Espasios 2017.Vol.38. №50 pages 1-8
- 13 Абдирамова А. Абай философиясындағы адам мәселесі//“Young Scientist”. №18 (308) May 2020. P.549
- 14 Дәулетбаева Т. Otan saqshysy//№ 30 (5913) 8 тамыз 2020 жыл. 2 б.

Материал 11.11.2021 баспаға түсті

#### REFERENCES

- 1 Myrzakhmetovich M. (2016) Abay's dictionary. – Almaty. – 104 p.
- 2 Aliphan M.(2013) Moral doctrine in Kazakh literature. – Almaty. – 423 p.
- 3 Al-Farabi. (1973) Philosophical treatises. – Almaty. – 489 p.
- 4 Al-Farabi. (1975) Socio-aesthetic treatises – Almaty. – 455 p.
- 5 Myrzakhmetovich M. (2011) Abay and the east. – Almaty. – 211 p.
- 6 Abay. (2019)Words of worship – Almaty. – 148 p.
- 7 Plotin.(2003)The dam. Enneady K; Utsimi-Prez 1995-1996, K; PSYLIB. – P.310.
- 8 Tarakov Anuar Sauatovich. (2020) A copy of the poem of the universe [Analysis and new assessment of the poetry of the great Kazakh classic Abay Kunanbayev]. – Almaty: Sardar. – 270 p.
- 9 Abai's philosophy-herald of innovation: Abai-175 / Locksmith M.//Egemen Kazakhstan. – 2020. – 29 January (№19). – pp. 7-4.
- 10 Abay Kunanbayev. (2017.) Poems, poems, translations, retorts. – Pavlodar. – 244 p.
- 11 Olzhayevich Y. (2018) Abai wanted to bring the nation to a great civilizational level / / Legendary man. – №11. – pp. 33-35.
- 12 Mashakova A., Khabutdinova M. (2017) The creative writings of Abay Kunanbaev in the tatar literary reception // Espasios.Vol.38. №50 pages 1-8.
- 13 Abdiramova A. (2020) The problem of man in Abay's philosophy // "Young Scientist". №18 (308) May. P.549.
- 14 Dauletbaeva T. (2020) Otan saqshysy // № 30 (5913) 8 тамыз. – 2 p.

#### «Ум – хранилище сердца...»

Ж.Р. Есенкараева<sup>1</sup>, Г.С. Бөкен<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова. г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

*Наследие Абая не теряет своей ценности на протяжении веков и времени. Собственные взгляды и критика Абая не исключены со сцены времени. Суть творчества Абая – истинный путь Бога, истинная жизнь, человечность. Особое место в этом исследовании занимает восточная философия. В своих произведениях Абай показал, что сформировал собственную критическую философию, проникнутую трудами ученых, живших задолго до его времени. Особо следует отметить ученых Востока: аль-Фараби,*



*Физули, Шамси, Давани, которые проповедовали о природе человека и разуме. Особое внимание было уделено сущности понятия «разум» в творчестве Абая и сущности «три любви», лежащих в основе суфизма.*

Материал поступил в редакцию журнала 11.11.2021

«**Mind water of the heart...**»

ZH.R. Yessenkarayeva<sup>1</sup>, G.S. Boken<sup>1</sup>

Sh. Ualikhanov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

*Abai's legacy does not lose its value over the centuries. In the age of people and time, Abai's own views and criticism are not excluded from the scene of time. The essence of Abai's creativity is the instinctive path of God, true life, humanity. Oriental philosophy occupies a special place in this study. In his works, Abai showed that he had formed his own critical philosophy, imbued with the works of scientists who lived long before his time. In this case, the scientists of the East; Special attention was paid to the novelty of the ideas of Al-Farabi, Fuzuli, Shamsi, Davani about human nature and intelligence. Particular attention was paid to the essence of the concept of intelligence in Abai's work and the essence of "three loves" that underlie Sufism.*

Received: 11.11.2021

FTAXP 17.09.91

**Ж.Т. Қобланов<sup>1</sup>, Б.Ә. Карымсакова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>«Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕ АҚ, Ақтау қ., 130000, Қазақстан Республикасы

### **УИЛЬЯМ ШЕКСПИР ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақала ағылшын әдебиетіндегі Уильям Шекспирдің трагедияларының маңызын пайымдауға арналған. Қайта өрлеу дәуіріндегі ағылшын әдебиетінің даму жағдайы Уильям Шекспир трагедияларының («Король Лир», «Гамлет», «Отелло») мысалында қарастырылады. Шекспирдің шығармаларындағы кейіпкер мінезін терең аша білу, қайғылы оқиғаны сезіне білу, айналаны қоршап алған озбырлықтарға жиіркенішпен қарауға үндеу сияқты шеберліктің белгілерін саралау арқылы сол кезең әдебиетіндегі жазушы трагедияларының өзіне тән қасиеттерін бағалауға талпыныс жасалады. Шекспир туындыларындағы дәуір көрінісі, феодалдық қоғамның озбырлығын әшкерелеу, туып келе жатқан буржуазиялық қоғамның келеңсіз жақтарына сыни тұрғыда баға беру сипаттары талданады. Шекспирдің реалистік әдісі, қаламгерлік шеберлігі, халықшылдық рухы, гуманистік көзқарасы пайымдалады. Еуропа әдебиетінің дамуына тигізген әсері, жаңалығы сараланады.*

*Кілт сөздер: типтік характер, образ, драматургия, антик әдебиет, халық театры, трагедия, пьеса.*

### **КІРІСПЕ**

Шекспир шығармашылығының алғашқы дәуірінде-ақ өз заманының келеңсіз жақтарын көріп, қолына қалам алған болатын. Қаламгер айналасын шырмап алған кемшіліктерге, озбырлықтарға сын көзбен қарап, адам тағдыры және оның арман-тілегі жайында тереңірек пікір жүргізуге ұмтылады. Шекспир комедияларына тән өмір қуанышынан ләззат алу оның